

Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 29 сәуірде № 27833 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 43) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 130 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне 1) және 2) тармақшаларда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2022 жылғы 27 сәуірдегі
№ ҚР ДСМ-37 бұйрығына
қосымша

Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 43) тармақшасына сәйкес әзірленді және амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;

2) аяқталған жағдай – диагностика (түпкілікті диагноз), емдеу (емдеу нәтижесі), күтім (күтім нәтижесі) бойынша қызметтер көрсету бағдарының аяқталуы бойынша шешімді медициналық ақпараттық жүйеде тіркеу;

3) бейінді маман – жоғары медициналық білімі, денсаулық сақтау саласында сертификаты бар медицина қызметкері;

4) бірінші деңгей – медициналық-санитариялық алғашқы көмек мамандарының амбулаториялық, стационарды алмастыратын жағдайларда және үйде медициналық көмек көрсету деңгейі;

5) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) динамикалық байқау – пациенттің денсаулық жағдайын жүйелі түрде байқау, сондай-ақ осы байқау нәтижелері бойынша қажетті медициналық көмек көрсету;

7) екінші деңгей – мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші деңгейде медициналық көмек көрсететін мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі;

8) жоспарланған қабылдау – пациенттің жай-күйін бағалау және қажетті диагностикалық, емдеу-профилактикалық іс-шараларын жүргізу үшін

медициналық-санитариялық алғашқы көмек маманының және бейінді маманының жоспарлы тәртіппен пациентті қабылдауды жүргізу;

9) қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтер – аурулар мен жарақаттардың диагностикасы, оларды емдеу, медициналық оңалту және олардың профилактикасы, медицина қызметкерлерінің өзара, жеке тұлғалармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен қашықтықтан өзара іс-қимыл жасауын, көрсетілген адамдарды сәйкестендіруді, сондай-ақ олар жасайтын әрекеттерді құжаттауды қамтамасыз ететін цифрлық технологиялар арқылы зерттеулер мен бағалауды жүргізу мақсатында медициналық көрсетілетін қызметтерді ұсыну;

10) мамандандырылған медициналық көмек – диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін талап ететін аурулар кезінде, оның ішінде қашықтықтан медициналық көрсетілетін қызметтер құралдарын пайдалана отырып, бейінді мамандар көрсететін медициналық көмек;

11) медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) – адам, отбасы және қоғам деңгейінде көрсетілетін аурулар мен жай-күйлердің профилактикасын, диагностикасын, емін қамтитын, халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекке алғашқы қол жеткізу орны;

12) медициналық ақпараттық жүйе (бұдан әрі – МАЖ) – денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе;

13) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері есебінен медициналық қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

14) мультипәндік топ (бұдан әрі – МПТ) - пациент организмінің функциялары мен құрылымдарының бұзылу сипатына, оның клиникалық жай-күйінің ауырлығына байланысты қалыптастырылатын әртүрлі мамандар тобы;

15) жүктілік алдындағы дайындығы - нақты ерлі-зайыптылардың репродуктивті болу функцияларын іске асыру кезіндегі тәуекелдерді азайтуға бағытталған профилактикалық іс-шаралардың кешені;

16) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

17) үшінші деңгей – жоғары технологиялық медициналық көрсетілетін қызметтерді қолдана отырып, мамандандырылған медициналық көмекті жүзеге асыратын бейінді мамандардың амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда, оның ішінде бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсету деңгейі.

3. Мамандандырылған медициналық көмекті бейінді мамандар диагностиканың, емдеудің, медициналық оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін аурулар кезінде,

оның ішінде қашықтықтан медициналық қызметтер көрсету құралдарын пайдалана отырып көрсетеді.

4. Мамандандырылған медициналық көмек медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде амбулаториялық жағдайлардағы консультативтік-диагностикалық көмек (бұдан әрі – КДК), стационарды алмастыратын және стационарлық көмек түрінде:

денсаулық сақтау ұйымдарында;

шығу орны бойынша, үй жағдайында, оның ішінде мобильді бригадалар арқылы;

жылжымалы медициналық кешендерде, медициналық пойыздарда;

травматологиялық пункттерде;

білім беру ұйымдарында көрсетіледі.

5. Кешенді тәсілдерді талап ететін күрделі клиникалық жағдайларды қарау үшін МСАК ұйымдарында МПТ құрылады, оның құрамы мен қызметі туралы ереже денсаулық сақтау ұйымының бірінші басшысымен бекітіледі және созылмалы аурулары бар пациенттерге медициналық көмек көрсетуге кешенді жеке тәсілді қамтамасыз етуге арналған мамандарды қамтиды.

МПТ құрамына "Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар кіреді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21856 болып тіркелген), оның ішінде:

МСАК ұйымының дәрігері;

пациенттің ауруына байланысты бейінді мамандар, оның ішінде педиатр, терапевт, акушер-гинеколог;

мейіргерлер (кеңейтілген практика, учаскелік, жалпы практика, бейінді мамандар);

психолог;

әлеуметтік қызметкер.

6. Амбулаториялық жағдайлардағы зерттеудің аспаптық әдістерін, диагностикалық зерттеулерді жүргізу кезінде дәрігерлік шешімдер қабылдауды қолдау мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады.

7. Амбулаториялық жағдайлардағы зерттеу нәтижелерін оқу және (немесе) ашып жазу, оның ішінде медициналық бейнелерді, зерттеулерді басқа медициналық ұйымға жіберу кезінде қашықтықтан көрсетілетін медициналық қызметтерді қолдана отырып, осындай медициналық ұйымда лицензияланатын қызмет түрінің тиісті бейінін көрсете отырып, медициналық қызметке лицензиясы болған жағдайда жүргізіледі.

8. Мамандандырылған медициналық көмек "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен көрсетілген қызмет түріне

алынған мемлекеттік лицензиясы бар, емшаралар және манипуляциялар денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық стационарды алмастыратын жағдайларда КДК түрінде:

1) ТМККК шеңберінде;

2) МӘМС жүйесінде;

3) "Денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету қағидаларын және ақылы медициналық көрсетілетін қызметтер (көмек) ұсыну жөніндегі шарттың үлгілік нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21559 болып тіркелген) сәйкес ақылы негізде;

4) ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде;

5) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісуі бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы бекіткен тізбеге сәйкес мемлекеттік қызметшілердің және Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

9. ТМККК шеңберінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек:

1) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодекстің 196-бабының 3-тармағының 3) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша аурулардың профилактикасы мен диагностикасы бойынша қызметтерді көрсету кезінде;

2) жарақаттар, уланулар немесе басқа да кезек күттірмейтін жай-күйлер кезінде;

3) "Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21263 болып тіркелген) әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде;

4) "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ДСМ-174/2020 бұйрық) сәйкес онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында скринингтік зерттеулер жүргізу кезінде;

5) ҚР ДСМ-174/2020 бұйрыққа сәйкес артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, глаукоманы, қант диабетін, В және С вирусты гепатиттерін және басқаларды ерте анықтауға скринингтік зерттеулер кезінде көрсетіледі.

10. МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек:

1) "Мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушыларын қоса алғанда, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен мерзімділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 және № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрықтарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21820 болып тіркелген) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және кезеңділікпен профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді;

2) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 200-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын тұқым қуалайтын туа біткен ақаулар мен даму ауытқуларын ерте анықтауға скринингтік зерттеулерді;

3) медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігерлерінің жолдамасы бойынша пациенттерді бейінді мамандардың қабылдауы және консультациялары;

4) "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) сәйкес тәртіппен және кезеңділікпен созылмалы аурулары бар адамдарды бейінді мамандардың динамикалық байқауын;

5) "Халықтың шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек алуға жататын жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21254 болып тіркелген) сәйкес халықтың жекелеген санаттарына шұғыл және жоспарлы түрде стоматологиялық көмек көрсетуді;

6) "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген диагностикалық көрсетілетін қызметтердің, оның ішінде зертханалық диагностиканың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-221/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21703 болып тіркелген) диагностикалық көрсетілетін қызметтері, оның ішінде зертханалық диагностиканы;

7) "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген емшаралар мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде

№ 21470 болып тіркелген) бекітілген тізбе бойынша емшаралар мен манипуляцияларды қамтиды.

11. Әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелерінде келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелеріне (оның ішінде олардың асырауындағы адамдарға), құқық қорғау органдарының зейнеткерлеріне, әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін әскери қызметтен босатылған, денсаулық жағдайы бойынша әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты ауырған, сондай-ақ жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар адамдарға, әскери қызмет өткеру кезеңінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау қорғау органдарының қызметкерлеріне, денсаулық жағдайы (қызметтік міндеттерін атқару кезінде алынған аурулар, мертігулер, мүгедектік) бойынша, сондай-ақ қызметте болудың шекті жасына толу немесе штаттарды қысқарту бойынша арнаулы мемлекеттік органдар қызметінен босатылғандарға және күнтізбелік жиырма және одан да көп жыл еңбек сіңірген қызметкерлерге ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелердің терапевт дәрігерінің немесе жалпы практика дәрігерінің жолдамасы бойынша жүзеге асырылады.

12. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге және басқа да адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсету "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету тәртібі

13. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық қызметтер:

1) шұғыл тәртіппен – денсаулыққа елеулі зиянды болғызбау және (немесе) өмірге төнген қатерді жою үшін кезек күттірмейтін медициналық араласуды қажет ететін кенеттен болған жіті аурулармен, жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде ;

2) кезек күттірмейтін нысанда – пациенттің өміріне анық қатер төндірмейтін, кенеттен болған жіті аурулар мен жай-күйлер, созылмалы аурулардың асқынуы кезінде ;

3) жоспарлы тәртіппен – көмек көрсетуді белгілі бір уақытқа кейінге қалдыру пациент жай-күйінің нашарлауына алып келмейтін, пациенттің өміріне қауіп төндірмейтін аурулар мен жай-күйлер кезінде, сондай-ақ профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде көрсетіледі.

14. Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек қызметтері:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес МӘМС жүйесінде динамикалық байқауға жататын аурулар кезінде медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде әлеуметтік мәні бар ауруларға күдік туындаған кезде медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша ;

4) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес МӘМС жүйесінде дене шынықтыру және созылмалы аурулардың салдарлары кезінде оңалту медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмектің медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша;

6) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық қызметтер көрсетудің уақыт нормативтеріне сәйкес көрсетіледі.

15. Мамандандырылған медициналық көмек қызметтері мынадай нәтижелермен МАЖ-да тіркеумен зертханалық-диагностикалық зерттеулер бар болған жағдайда қарап-тексеру деректерімен расталған аяқталған жағдайлар шеңберінде көрсетіледі:

1) дені сау – шағымдар мен патологиялар болмаған кезде

2) сауығу - одан әрі зерттеп-қарау және емдеу қажеттігінсіз пациент толық жазылған кезде;

3) жақсару - пациенттің жай-күйінің оң динамикасы болған жағдайда;

4) өзгеріссіз – нашарлауы немесе жақсаруы белгілерінсіз пациенттің тұрақты жай-күйі кезінде;

5) нашарлауы - пациенттің жай-күйінің теріс динамикасы болған жағдайда;

6) қайтыс болуы – өлім жағдайы болған кезде.

Мамандандырылған көмек қызметін көрсету кезінде жағдай аяқталмаған кезде МАЖ-ға ауру жалғасуда деп қорытынды енгізіледі.

16. Медициналық көрсетілетін қызметтердің тізбесін "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің 201-бабына сәйкес сақтанушымен (сақтандырылушымен) келісу бойынша сақтандыру ұйымы белгілейді.

17. Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес жүгіну себептерін көрсете отырып, жоспарланған қабылдау бойынша көрсетілетін қызметтерді алу үшін 60 күнтізбелік күннен аспайтын күту мерзімімен қызметке жолдама қалыптастыру арқылы бейінді

мамандар мен МСАК мамандарының жолдамасы бойынша медициналық көмек көрсетудің екінші және үшінші деңгейлерінде жоспарлы тәртіппен көрсетіледі.

18. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету МСАК мамандарының жолдамасынсыз мынадай жағдайларда:

1) кезек күттірмейтін жағдайлар мен жарақаттар, оның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа да жарақаттар;

2) пациенттің шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету бойынша жүгінуі;

3) пациенттің дерматовенерологиялық бейіндегі аурулар бойынша бейінді маманға жүгінуі;

4) пациенттің жүктілік бойынша есепке қоюды қоспағанда, акушер-гинекологқа жүгінуі;

5) пациенттің жастар денсаулық орталықтарына жүгінуі (өз бетінше жүгіну);

6) № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрыққа сәйкес пациенттің динамикалық байқауға жататын созылмалы аурулардың тізбесі бойынша денсаулық сақтау ұйымына бейінді маманға және бейінді маманның мейіргеріне жүгінуі;

7) ауруы бойынша 1 (бір) аяқталған жағдай шеңберінде бейінді маманға (бейінді маманның мейіргеріне) қайта қабылдауға барған кезде;

Бір аяқталған жағдай шеңберінде, көрсетілімдер болған жағдайда бірінші, екінші немесе үшінші деңгейдегі бейінді маман үш түрлі бейінді мамандарға дейін консультацияларды қоса алғанда, МАЖ-ға деректерді міндетті түрде енгізу арқылы қосымша консультативтік-диагностикалық қызметтерге жолдама ресімдейді;

8) пациенттің психикалық денсаулық орталығының тіркелген жері бойынша психологқа және психиатр-дәрігерге жүгінуі;

9) жылжымалы медициналық кешендермен және медициналық пойыздармен қызметтер көрсету кезінде жүзеге асырылады.

19. МСАК мамандарының жолдамасынсыз бейінді маманға қабылдауға жазылу осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес:

1) пациенттің бекітілген жері бойынша медициналық ұйымға және (немесе) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтердің өнім берушілері мен бірлесіп орындаушылар базасының денсаулық сақтау субъектісіне тікелей жүгінуі;

2) медициналық ұйымның тіркеу орнына жеке жүгіну, медициналық ұйымның call-орталығы арқылы телефонмен байланысу, МАЖ мобильді қосымшалары арқылы дәрігердің немесе мейіргердің қабылдауына жазылуды ресімдеу. Жазба "Дәрігердің қабылдауына алдын ала жазылу" және "Мейіргер қабылдауына алдын ала жазылу" МАЖ-ға енгізіледі, онда дәрігердің қабылдау графигіне сәйкес дәрігердің бос уақыты мен қабылдау күні көрсетілген жауап беріледі. Пациент телефон байланысы,

электрондық пошта немесе SMS-хабарлама арқылы қабылдау күні мен уақыты туралы хабарлама алады;

3) пациенттің Электрондық үкімет порталы арқылы жүгінуі және "Жеке кабинетке" электрондық өтінім мәртебесі түрінде хабарлама келіп түсумен "Дәрігердің қабылдауына жазылу" және "Мейіргердің қабылдауына жазылу" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуы кезінде жүзеге асырылады.

20. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілері бейінді мамандарды қабылдау графигін кемінде күнтізбелік 60 күн ашық күнмен медициналық ақпараттық жүйеге енгізеді және график өзгерген жағдайда деректердің өзектілендірілуін қамтамасыз етеді.

21. Пациент бейінді маманға жүгінген жағдайда бейінді маманның мейіргері бейінді маманның жоспарлы қабылдауына дайындықты жүргізеді:

- 1) пациенттерді алдын ала телефон арқылы хабардар етуді;
- 2) пациентті зерттеп-қарау көлеміне сәйкес зертханалық-диагностикалық зерттеулер жүргізуге жолдаманы қалыптастыру және беруді;
- 3) қолда бар зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін жүктеп алуды;
- 4) зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін түсіндіруді;
- 5) бейінді маманға зертханалық-диагностикалық көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін ұсынуды жүзеге асырады.

22. Бейінді маман динамикалық байқауда тұрған, оның ішінде алғаш анықталған пациенттердің жай-күйіне бағалау жүргізеді және аурудың ауырлығына және асқынулардың болуына байланысты динамикалық байқаудың деңгейін айқындайды:

- 1) бейінді маманда – асқынулар және декомпенсация белгілерімен аурудың өршу жағдайында;
- 2) МСАК ұйымының дәрігерінде – қалпына келтіру жайі-күйі, түзеуге болатын асқынулар болған жағдайда.

23. Бейінді маман МАЖ-да диагностика нәтижелерінің сипаттамасын, қорытынды диагнозды және пациенттің жеке емдеу жоспарын қоса алғанда, жағдайдың аяқталғанын тіркейді. Жеке емдеу жоспарын түзетуді МПТ-мен келісу бойынша бейінді маман жүргізеді.

24. Ауру бойынша жүгінген жағдайда бейінді маман емшаралар мен манипуляциялар жүргізеді, оның ішінде стоматологиялық көмек көрсетеді.

25. Амбулаториялық жағдайлардағы бейінді маман мамандандырылған көмек көрсету кезінде есепке алу құжаттамасын жүргізу "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) (бұдан әрі –№ ҚР ДСМ-175/2020 бұйрық) нысандар бойынша жүзеге асырылады.

Техникалық мүмкіндік болмаған кезде медициналық құжаттама кейіннен күнтізбелік 1 ай мерзімінен кешіктірмей МАЖ-ға енгізуімен қағаз түрінде ресімделеді.

26. Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсеткен бейінді маман көрсетілімдер болған кезде "Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21660 болып тіркелген) сәйкес еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және (немесе) анықтаманы береді немесе ұзартады, ал тұрақты еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 260 "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32922 болып тіркелген) сәйкес медициналық-әлеуметтік сараптамаға жібереді.

27. Мамандандырылған құзыреттер орталықтарында, ұттық орталықтарда, ғылыми-зерттеу институттарында екінші және үшінші деңгейдегі бейінді мамандар көрсететін ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде мамандандырылған медициналық көмек алуға жолдаманы кемінде 3 (үш) маманның қатысуымен МПТ отырысы өткеннен кейін, медициналық ұйымдардың бірінші және (немесе) екінші деңгейдегі мамандары мынадай жағдайда жүзеге асырады:

диагнозды түсіну үшін күрделі, түсініксіз жағдайлардың сараланған диагностикасы; сирек кездесетін, орфандық аурулардың диагностикасы;

қадағалап-қарау, емдеу тәсілін айқындаудың, сондай-ақ еңбекке жарамсыздықты сараптамалық бағалаудың даулы жағдайларын шешу;

шетелге емделуге жіберу үшін көрсетілімдердің болуын анықтау;

аурудың жиі қайталануы және декомпенсация жағдайларында пациенттерді қадағалап қарау және емдеу тактикасын айқындау;

МСАК деңгейінде жүргізілетін емдеу іс-шараларының тиімсіздігі кезінде диагностика және емдеу.

28. Үшінші деңгейдегі бейінді маман амбулаториялық жағдайларда аурулар мен жарақаттарды диагностикалау, емдеуді, медициналық оңалтуды және профилактиканы қамтитын мамандандырылған медициналық көмек көрсетеді. Бейінді маман өз қызметі шеңберінде пациенттермен, олардың заңды өкілдерімен, сондай-ақ басқа да медицина қызметкерлерімен қашықтықтан өзара іс-қимылды қамтамасыз етуімен, телемедициналық технологияларды пайдалана отырып зерттеулер жүргізуді жүзеге асырады.

Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсеткен үшінші деңгейдегі бейінді маман МСАК ұйымының дәрігеріне немесе пациентті консультацияға жіберген басқа бейінді маманға № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/е нысан бойынша медициналық анықтаманы (дәрігерлік кәсіптік-консультациялық қорытынды) ұсынады, онда жүргізілген зерттеп қарау және емдеу нәтижелерін, сондай-ақ пациентті МСАК ұйымының дәрігерінің және (немесе) екінші деңгейдегі бейінді маманның одан әрі қадағалап қарауы бойынша ұсынымдарды көрсетеді

Телемедицинаны қолдана отырып көмек көрсету кезінде адамдарды сәйкестендіру, жасалатын іс-әрекеттерді құжаттау және ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтау қамтамасыз етіледі.

29. Пациенттерді жоғары технологиялық қызметтерді қолдана отырып, ұлттық орталықтардың, ғылыми-зерттеу институттарының үшінші деңгейдегі бейінді мамандары көрсететін ТМККК және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде мамандандырылған медициналық көмек алуға жолдама беру "Мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-238/2020 бұйрығына (Нормативтік құқытық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21746 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Амбулаториялық жағдайлардағы
мамандандырылған
медициналық көмек көрсету
қағидаларына
1-қосымша

ТМККК шеңберінде әлеуметтік мәні бар аурулар кезінде медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі

№	Аурудың атауы	Көрсетілетін қызмет коды	Көрсетілетін қызметтің атауы
1	Туберкулез (A15 - A19)	A02.044.000	Консультация: фтизиатр
		C03.019.005	Кеуде қуысы ағзаларын шолу рентгенографиясы (1 кескін)
2	Адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауру (B20-B24)	A02.019.000	Консультация: Инфекционист
		C03.001.004	Гепатобилиопанкреатитті к аймақтың (бауыр, өт қабы, ұйқы безі, көкбауыр) УДЗ
		C03.019.005	Кеуде қуысы ағзаларын шолу рентгенографиясы (1 кескін)

Созылмалы вирусты гепатит B18.0, B18.1	A02.019.000	Консультация: Инфекционист
	B06.126.005	ИФТ-әдісімен қан сарысуында HBsAg анықтау (растау)
	B06.464.005	ИФТ-әдісімен қан сарысуында В гепатиті вирусының HBs антигеніне сомалық антиденелерді анықтау
	C03.001.004	Гепатобилиопанкреатитті к аймақтың (бауыр, өт қабы, ұйқы безі, көкбауыр) УДЗ
Созылмалы вирусты гепатит (B18.2)	A02.019.000	Консультация: Инфекционист
	B09.820.020	ПТР әдісімен биологиялық материалда С гепатиті вирусының РНК анықтау
	C03.001.004	Гепатобилиопанкреатитті к аймақтың (бауыр, өт қабы, ұйқы безі, көкбауыр) УДЗ
Созылмалы вирусты гепатит (B18.8)	A02.019.000	Консультация: Инфекционист
	B03.557.002	Қан сарысуындағы ақуыз фракцияларының және талдауыштағы басқа биологиялық сұйықтықтарының электрофорезі
Фиброз және бауыр циррозы (K74)	A02.019.000	Консультация: Инфекционист
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	B03.156.002	Қан сарысуындағы альбуминді талдауышта анықтау
	B04.389.002	Қан сарысуындағы натрийді (NA) талдауышта анықтау
	B06.123.005	ИФА әдісімен қан сарысуындағы АФП (альфафетопротейн) анықтау
	C03.001.004	Гепатобилиопанкреатитті к аймақтың (бауыр, өт

			қабы, ұйқы безі, көкбауыр) УДЗ
4	Қатерлі және қатерсіз өсінділер (C00-97; D00-09; D37-48, C81-96 басқа)	A02.039.000	Консультация: онколог
		B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
		C03.008.004	К е ш е н д і ультрадыбыстық диагностика (бауыр, өт қабы, ұйқы безі, көкбауыр, бүйрек)
		C03.019.005	Кеуде қуысы ағзаларының шолу рентгенографиясы (1 кескін)
		C03.000.006	Компьютерлік томография (көрсетілімдер бойынша)
		C03.000.007	Магнитті-резонансты томография (МРТ) (көрсетілімдер бойынша)
5	Психикалық бұзылулар және мінез-құлық бұзылулары (F00-F99)	A02.046.000	Консультация: психиатр
		D94.081.903	Психологиялық диагностика
6	Жіті миокард инфарктісі (алғашқы 6 ай) (I21, I22, I23)	A02.015.000	Консультация: кардиолог
		C02.012.000	Эхокардиография
		C02.004.000	Мөлшерленген физикалық жүктемемен электрокардиографиялық зерттеу (тредмил, велоэргометр)
7	Жіті ми қан айналымының бұзылулары (алғашқы 12 ай) I60-I64	A02.035.000	Консультация: ангиохирург
		A02.018.000	Консультация: невропатолог
		C03.002.003	Брахиоцефалиялық діңнің УДДГ
		B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
8	Нерв жүйесінің дегенеративті аурулары (G30-G32)	A02.018.000	Консультация: невропатолог
		B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
		A02.018.000	Консультация: невропатолог

9	Орталық нерв жүйесінің демиелинизациялық аурулары (G35-G37)	C03.001.007	Бас миының магнитті-резонансты томографиясы
10	Эпилепсия, G 40 (G40.4 баска)	A02.018.000	Консультация: невропатолог
		C02.020.000	Электроэнцефалография
Орфандық аурулар:			
	Лейшманиоз (B55)	A02.019.000	Кеңес: Инфекционист
		B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
	Гемолитикалық анемия (D56, D56.0-D56.2, D56.4, D57, D57.0-D57.2)	A02.024.000	Консультация: Гематолог
		A02.039.000	Консультация: Онколог
		B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
	Пароксизмальды түнгі гемоглобинурия (Маркиафавы- Микели) (D59.5)	A02.024.000	Консультация: Гематолог
		A02.039.000	Консультация: Онколог
		B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
		B02.421.001	Қан эритроциттерінің осмостық төзімділігін қолмен анықтау
		B03.557.002	Қан сарысуындағы ақуыз фракцияларының және талдауыштағы басқа биологиялық сұйықтықтарының электрофорезі
		B03.331.002	Талдауыштағы қандағы глюкоза-6-фосфатдегидрогеназаны (Г-6-ФДГ) анықтау
			Талдауыштағы қан сарысуындағы пируваткиназаны анықтау
		B06.679.012	Кумбс үлгісін қою
		C03.001.004	Гепатобилиопанкреатикалық аймақтың УДЗ (бауыр, өт қабы, ұйқы безі, көкбауыр)
		A02.024.000	Консультация: Гематолог

Анықталмаған апластикалық анемия (D61.9)	B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
Идиопатиялық тромбоцитопениялық пурпура (D69.3)	A02.024.000	Консультация: Гематолог
	B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
Басқа айдарларда жіктелмеген Лангерганс тіндерінің гистиоцитозы (D76.0)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
	B03.500.002	Талдауышта қан сарысуындағы ферритинді анықтау
	B03.485.002	Талдауышта қан сарысуындағы трансферинді анықтау
	C03.018.005 C03.019.005 C03.020.005 C03.003.006 C03.037.005 C03.048.005 C03.099.005	Бір анатомиялық аймақтың рентгенографиясы
Иммундық тапшылық (D80-D84)	A02.024.000	Консультация: Гематолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	B06.638.010	Иммунограмма (Е-розеткалары және Манчини) (көрсетілімдер бойынша)
	B06.406.005	ИФТ-әдісімен қан сарысуында Ig E классындағы (жалпы) антиденелерді анықтау (көрсетілімдер бойынша)
	B06.405.005	ИФТ-әдісімен қан сарысуында Ig A классындағы (жалпы) антиденелерді анықтау (көрсетілімдер бойынша)
	B06.407.005	ИФТ-әдісімен қан сарысуында Ig G

		классындағы (жалпы) антиденелерді анықтау (көрсетілімдер бойынша)
	B06.408.005	ИФТ-әдісімен қан сарысуында Ig M классындағы (жалпы) антиденелерді анықтау (көрсетілімдер бойынша)
Басқа В дәрумендерінің жетіспеушілігі (E53.1)	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
Гликогенді сақтау аурулары (E74.0)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
Басқа сфинголипидоздар (E75.2)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
Мукополисахариоз (E76.0-E76.2)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
Порфирии (E80.2)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
Мыс алмасуының бұзылуы (E83.0)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B03.348.002	Талдауышта қан сарысуындағы калийді (K) анықтау
	B03.389.002	Талдауышта қан сарысуындағы натрийді (Na) анықтау
	B03.514.002	Талдауышта қан сарысуындағы хлоридтерді (Cl) анықтау
Басқа көріністері бар кистозды фиброз (E84.8)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
Нейропатиясыз тұқым қуалайтын отбасылық амилоидоз (E85.0)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	C03.006.004	Бүйрек УДЗ

Плазма ақуыздарының алмасуының бұзылуы (E88.0)	A02.021.000	Консультация: Эндокринолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
Моторлы нейрон ауруы (G12.2)	A02.018.000	Консультация: невропатолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	C02.032.000	Электроневромиография
Шашыраңқы склероз (G35)	A02.018.000	Консультация: невропатолог
	C03.001.007	Бас миының магнитті-резонансты томографиясы
Жалпыланған эпилепсия мен эпилепсиялық синдромдардың басқа түрлері (G40.4)	A02.018.000	Консультация: невропатолог
	C02.020.000	Электроэнцефалография
Энцефалопатия нақтыланбаған (G93.4)	A02.018.000	Консультация: невропатолог
	C03.006.004	Бүйрек УДЗ
Басқа интерстициальды өкпе аурулары (J84, J84.0, J84.1, J84.8, J84.9)	A02.016.000	Консультация: Пульмонолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	C03.019.005	Кеуде қуысы ағзаларының шолу рентгенографиясы (1 кескін)
Өкпе гипертензиясы (I27.0)	A02.016.000	Консультация: Пульмонолог
	A02.015.000	Консультация: Кардиолог
	C02.012.000	Эхокардиография
Крон ауруы (аймақтық энтерит) (K50), ойық жаралы колит (K51)	A02.022.000	Консультация: Гастроэнтеролог
	C01.016.001	Жалпы бейне колоноскопия
	B08.737.001	Күрделіліктің 2-ші санатындағы операциялық биопсия материалының 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеу
	A02.029.000	Консультация: Дерматовенеролог

Буллездік бұзылулар (L10, L13.0)	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
Жасөспірімдер (ювенильді) артрит (M08.2)	A02.017.000	Консультация: Ревматолог
	A02.023.000	Консультация: Офтальмолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
Шырышты лимфонулярлық синдром [Кавасаки] (30.3), Вегенер Грануломатозы (31.3), Қолқа доғасы синдромы [Такаясу] (31.4), Басқа нақтыланған некротикалық васкулопатиялар (M 31.8), Басқа ағзалардың немесе жүйелердің зақымдануы бар жүйелі қызыл жегі (M32. 1), Дерматополимиозит (M33), Полимиозит (33.2), Бехчет ауруы (M35.2)	A02.017.000	Консультация: ревматолог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
Жетілмеген остеогенез (Q78.0)	A02.032.000	Консультация: травматолог- ортопед
	B03.353.002	Талдауышта қан сарысуындағы кальцийді (Ca) анықтау
	B03.850.002	Талдауышта қан сарысуындағы фосфорды (P) анықтау
	C03.018.005	Бір анатомиялық аймақтың рентгенографиясы
	C03.019.005	
	C03.020.005	
	C03.003.006	
C03.037.005		
C03.048.005		
C03.099.005		
Туа біткен ихтиоз (Q80)	A02.029.000	Консультация: Дерматовенеролог
	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	A02.029.000	Консультация: Дерматовенеролог

	Буллезді эпидермолиз (Q81)	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
--	----------------------------	-------------	--

Амбулаториялық жағдайлардағы
мамандандырылған
медициналық көмек көрсету
қағидаларына
2-қосымша

МӘМС жүйесінде динамикалық байқауға жататын аурулар кезінде медициналық көрсетілетін қызметтер тізбесі

№	Аурудың атауы	Көрсетілетін қызметтің коды	Көрсетілетін қызметтің атауы	
1	Артериялық гипертензия I10-I15	A02.015.000	Консультация: кардиолог	
		C02.012.000	Эхокардиография	
2	Жүректің ишемиялық ауруы: I20, I23, I24, I25	A02.015.000	Консультация: кардиолог	
		C02.012.000	Эхокардиография	
		C02.004.000	Мөлшерленген физикалық жүктемемен электрокардиографиялық зерттеу (тредмил, велоэргометр)	
	2.4. Жүрек функциясының жеткіліксіздігі, I50	A02.015.000	Консультация: кардиолог	
		B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы	
		B02.534.001	Қандағы тромбоциттерді қол әдісімен санау	
		C02.012.000	Эхокардиография	
		C03.019.005	Кеуде қуысы ағзаларының ш о л у рентгенографиясы (1 кескін)	

	2 . 5 . Механикалық кұрылғыны имплантаттауда н кейінгі жай-күйі, Z 95.8	B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
		B02.534.001	Қандағы тромбоциттерді қол әдісімен санау
		C02.012.000	Эхокардиографи я
		C03.019.005	Кеуде қуысы ағзаларының ш о л у рентгенографияс ы (1 кескін)
		C03.002.003	Брахицефалдық діңнің УДДГ
3	Брахицефалиял ы қ артериялардың экстракраниальд ы аурулары: Ми-тамырлық аурулар, I65-I69; Б а с қ а айдарларда жіктелген аурулар барысындағы қолқаның қабынуы, I79.1; Қ о л артерияларының эмболиясы мен тромбозы, I74.2	A02.035.000	Консультация: ангиохирург
		A02.018.000	Консультация: невропатолог
		C03.002.003	Брахицефалдық діңнің УДДГ
		B02.111.002	Тіндердің 3 классын саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
4	Ж ү р е к қақпақшаларын ың зақымдануы: Жүректің ревматикалық созылмалы аурулары, I05- I09; Қос жармалы қақпақшаның ревматикалық аурулары, I05; Қ о л қ а қақпақшасының ревматикалық	A02.015.000	

	<p>аурулары, I 06; Үш жармалы қақпақшаның ревматикалық аурулары, I07; Бірнеше қақпақшалардың зақымдалуы, I08 ; Жүректің ревматикалық басқа аурулары, I 09;</p>		<p>Консультация: кардиолог</p>
5	<p>Жүре к қақпақшаларын ы ң ревматикалық е м е с зақымдануы, I34 -I39; Қос жармалы қақпақшаның ревматикалық емес зақымданулары, I34; Қолқа қақпақшасының ревматикалық емес зақымданулары, I35; Үш жармалы қақпақшаның ревматикалық емес зақымданулары, I36; Өкпе артериясы қақпақшасының зақымданулары, I37; Эндокардит, қақпақша анықталмаған, I38; Басқа айдарларда жіктелген аурулар барысындағы эндокардит пен қақпақшалардың зақымданулары, I 39</p>	A02.015.000	<p>Консультация: кардиолог</p>
	<p>Ұстамалық тахикардия, I47;</p>	A02.015.000	<p>Консультация: кардиолог</p>

6	Жүрекшелердің фибрилляциясы мен лүпілдеуі, I48	C03.002.003	Брахицефалдық діңнің УДДГ
7	Төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары: 6.1; Өкпенің созылмалы б а с қ а обструкциялық ауруы, J44	A02.016.000	Консультация: пульмонолог
	Демікпе, J45	A02.016.000	Консультация: пульмонолог
8	Гломерулалық (шумақтық) аурулар: Бүйрек функциясының созылмалы қабыну синдромы, N03; Нефротикалық синдром, N04	A02.025.000	Консультация: нефролог
	Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі N18;	A02.025.000	Консультация: нефролог
	Бүйректер функциясының зақымдануының соңғы сатысы N18.0; Бүйрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігінің басқа көріністері D18.8	B02.113.002	Талдауыштағы қан тіндерінің сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
9	Бүйрек функциясының созылмалы түтік-интерстиц иалдық қабынуы , N11	A02.025.000	Консультация: нефролог
	VIII фактордың т ұ қ ы м қуалайтын тапшылығы D66	A02.024.000	Консультация: Гематолог
			Талдауыштағы қан тіндерінің

10	; IX фактордың тұқым қуалайтын тапшылығы, D67; Виллебранд ауруы D68.0; Басқа ұю факторларының тұқым қуалайтын тапшылығы D68.2	B02.113.002	сандық бейнесі берілген 34 параметрлі қанның жалпы талдауы
		B04.550.002	Талдауышта қан тромбоциттерін адгезия және агрегация әсерін (ГАТ) жүргізу
Асқорыту ағзаларының аурулары			
11	Асқазан-ішек жолдарының жоғарғы бөліктерінің ауруы: Эзофагит қабаттасқан асқазан-өңеш рефлюксі, K21.0	A02.022.000	Консультация: Гастроэнтеролог
		C01.001.001	Фиброэзофагога стродуоденоскопия
		B08.737.001	3 күрделіліктің санатындағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеу
	Асқазанның және ұлтабардың ойық жарасы, K25-K27; Асқазанның ойық жарасы, K25; Он екі елі ішектің ойық жарасы, K26; Атрофиялық созылмалы гастрит, K29.4 Орналасуы анықталмаған пептикалық ойық жара, K27; Асқазанның полипі (полипозы), K31.7;	A02.022.000	Консультация: Гастроэнтеролог
		C01.001.001	Фиброэзофагога стродуоденоскопия
		B08.737.001	3 күрделіліктің санатындағы операциялық-биопсиялық материалдың 1 блок-препаратын гистологиялық зерттеу
		A02.022.000	Консультация: Гастроэнтеролог
			Тіндердің 3 классын

Бауырдың басқа қабынба аурулары Бауырдың уыттық зақымдануы, К71 Бауыр қызметінің басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі, К72 Басқа айдарларда жіктелмеген созылмалы гепатит, К73 Бауырдың басқа қабынба аурулары, К75 (К75.4-ден басқа) Бауырдың басқа аурулары, К76	B02.111.002	саралаумен талдауышта қанның жалпы талдауы
	B06.123.005	Қан сарысуында ИФТ-әдісімен А Ф П (альфафетопротейн) анықтау
	C03.001.004	Гепатобилиопанкреатикалық аймақтың (бауыр, өт қабы, ұйқыбезі, көк бауыр) УЗД-сы
	A02.022.000	Консультация: Гастроэнтеролог
